

«Таң» бастауыш мектебі

2-сынып

Сынып жетекші: Қамбарова А.К.

Сынып сағатының тақырыбы:

«Қазақстан қарлығашы»



Қазақстан - қарлығашы



Мақсаты:

Оқушыға табиғатты сүюді, аялауды үйрету
тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту
Оқушының оқу ауқымын кеңейту, білімін,
көз – қарасын тереңдету алған білімін,
өмірмен байланыстыра білу

Жоспар

I. Кіріспе

ҚАРЛЫҒАШ.

II. Негізгі бөлім

- 1.Қарлығаш киелі құс
- 2.Қырымдағы «Қырылғач ювасы»
- 3.Қарлығаш ұясының түрі
- 4.Әлемді таң қалдырған “Қазақстан қарлығашы”
- 5.«Қанатты достардан» мен неге көз жазып қалдым?
- 6.Арқа жерінен қарлығаштар ауып кеткен.
- 7.Қарлығаштар жылы жаққа ұшпай, балапан басып жатыр
- 8.Қарлығаштың ұясының емдік қасиеті
- 9.Құстарды қорғайтын дүниежүзілік ұйым
- 10.Қарлығаштың бұзылған ұясы

III. Қорытынды

Бұлбұлдарға қамқорлықтың мәскеулік үлгісі



ҚАРЛЫҒАШ

ҚАРЛЫҒАШ -жыл құсы. Мекендеген ортасына қарай далалық, аудандық деп аталады. Елімізде кент, сұр, құз, жар және қосрең қарлығаштары да кездесіп тараған. Қарлығаштар өте ұшқыр. Сұр қарлығаш сағатына 170 км жылдамдықта ұшады екен. Сондай-ақ, жемін де ұшып жүріп аулап, суында да ұшып келіп қалқып іше алады. Олар насекомдармен қоректеніп, әр қарлығашы күніне мыңнан аса маса жеп зор пайда келтіреді.

Ұясы- балапандарын қолайсыз жағдайдан және жауыннан қорғайтын шебер жасалынған баспана. Олар жұптарын өмір бойы сақтап, балапандарына екеуі де қамқорлық жасайды. Халқымыз қарлығашты киелі санайды. Құйрығының айыр болуына байланысты ел арасында аңыз әңгімелер бар. Қарлығаш – қазақ ұғымында пейіштің құсы. Білетіндердің айтуынша ән салатын қарлығаштың көмейі қасиетті құран сүрелерін шырқайтын көрінеді. Ауаны қақ жарып, сусылдап ұшатын сүйкімді құсты оқ та алмайды, жебе де дарымайды. Ата- әжелеріміз қарлығашты аулауға болмайды дейтін. Әлдеқалай адам қолына түскен құсты басқалары түтіп жеп қоятын көрінеді. Қарлығаш – әнші торғайлар тұқымдас жиырма түрлі құстың бірі. Арктика мен Антарктидадан басқа аймақтарда жетпіс тоғыз түрі таралған.





Aa Bb Cc Dd Ee Ff Gg Hh Ii Jj Kk Ll Mm Nn Oo Pp Qq Rr Ss Tt Uu Vv Ww Xx Yy Zz

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12

V

V

Uu Vv Ww Xx Yy Zz

Oo Pp Qq Rr Ss Tt Uu Vv Ww Xx Yy Zz


V




•1.Қарлығаш киелі құс

Үйіне қарлығаш ұя салған адам оны бұзбайды. Өткен ғасырда жоңғар шапқыншылығында шаңырағына қарлығаш ұя салған үйін жықпаған Төле бидің өнегесі бүгінге жетіп, ел аузында «қарлығаш би», «қарлығаш әулие» деп құрметтеледі. Бұл туралы әр жерде көп айтылады.

Қытайдың Үрімші қаласында Зағыпар Туғанбайұлы атты қандасымыздың «Қарлығаш би» атты жыры сақталған екен. «...Бұл сөзді Көшкінші ұлы Көтібай ақынан бала кезде естіп едім», – дей келіп, «Кейіннен жазып қойдым қалам хаттап, Алдыартына сөз қостым және нақтап» дей келіп, іргесі шайқалғанымен, құстың ұясына бола шаңырағын шайқалтпаған елге деген құрметін қалмақ сардары «мұндай данасы бар елді шабуға батылы бармайтындығын» айтады. «...Бір сөзі мыңға татыр даналардың, Дос түгіл, жау басын иген бабалардың» деп жырлайды. Алыстағы Швейцарияда да қарлығаштың ұясын бұзған адам әулетімен жамандыққа ұшырайды деген сенім бар екен.






Ертеде Дағыстанның баһадүрлері кезекті жорықтың бірінде түнде далаға қонып, ұйықтар алдында туды жерге қадап қояды. Таңертең қараса байраққа қарлығаш ұя салып үлгеріпті. Мұны жақсылыққа жорыған батырлар туды жықпай кейіннен сол орынға Пудахар ауылын салыпты.

Қарлығаш кейбір елдің саяси жағдайға байланысты, елдік рәмізі ретінде де таңдалған. Бұл құсты еркіндіктің символы деп таныған ресейліктер 1905 жылы қазанның 17-сіндегі манифестің жариялануына және мемлекеттік думаның ұйымдастырылуына орай, ресей туының жанында қалықтай ұшқан қарлығаш бейнеленген естелік төсбелгі де шығарған.

Бүгінде біздің елімізде қалада да, ауылда да қарлығаш есімді қыз көп. Қаз қатар тізіле қалған бұла бойжеткен көрсе, «сымға қонған қарлығаштай» деп ақындар теңеу арнаған. «Ақтамақ қарлығаштар, қаракөз қарындастар, гүл болып егілдің де, жыр болып төгілдіңдер...», «Қарлығаш – әннің аты, жырымды айтам, сүйген жар, сүйіскен дос сырынды айтам!», «Қарлығаш қанатты қасың бар...», «Қасың сенің қарлығаштың қанатындай қап қара», «Ақ қанатты қарлығашым, сен бармаған дала бар, Қанатыңа хат жазамын, қалқатайға ала бар» деп сызылтқан әндер – қарлығашқа деген ниеттің белгісі. Қарлығаш Ескендір Зұлқарнайынды құтқарған

Ерекше жанашыр жанды «қарлығаштың қанатындай су себелеген» деп дәріптейді.



Қарлығаш туралы аңызды айтып тауысу мүмкін емес. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты қазақтың тұңғыш мультфильмнің шыққанына жарты ғасырға жуықтап қалды. Жастың да кәрінің де көкейіне қонған туындыға деген ықылас әлі күнге дейін ерекше. Біздің ел ғана емес, әлемнің әр түкпірінде қарлығашты айырықша жақсы көреді. Сондықтан сүйкімді құс туралы әрқилы әңгімелер көптеп айтылады. Мына бір аңызға сенсек, ежелде эстон жігітің көркем бір қалыңдығы бар екен. Екі жастың бақытын қызғанған мыстан кемпір бойжеткенді қарлығашқа айналдырып орнына өз қызын өткізіп жіберіпті-міс. Той үстінде әлгі қыз қарлығаш ұшып келіп, нағыз қалыңдық өзі екенін әнге қосып шырқырапты. Мыстан кемпірдің лақтырған дәу балтасы жұдырықтай құстың құйрығын ортасынан осып түсіп, айыр болып қалды дейді эстон аңызы. Содан бері қарлығаш адамдарды айналып-үйіріліп ұшқанымен жерге қонбайтын болыпты. 1932 жылы Эстонияның шағын ауылында үй қалапты. Дәл сол жылы сол үйге бірден 27 қарлығаш ұя салыпты. Тіпті соғыс кезінде көптеген үйлердің күлі көкке ұшқанда, осы үй аман қалған.



2.Қырымдағы «Къарылгъач ювасы»





Әсілі, қарлығаш ләйлектен кейін ең қадірлі, ең айтулы құс деп саналады. Есте жоқ ескі заманнан бері қарлығаш атаулы «үйдің жанды тұмары» деп саналады. Қарлығаш ұя салмаған ауылдың берекесі болмаса керек қой... Ол тек жекелеген үйлерде ғана емес ресми ғимараттарға да емін-еркін ұя салатын бірден-бір құс. Олар ұясын жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне, кейде ағаш басына сілекеймен араластырып саз балшықтан өте берік етіп салады. Бар жоғы 9-23 сантиметрлік, салмағы 10-60 грамдық қарлығаш ұясын қырық күн қалайды. Ұясы жарты ай немесе түбі кең, аузы тар құмыра пішінді. Ұясының түбіне қауырсын, ұлпа, мамық секілді жұмсақ заттардан төсеніш жасайды. Ашық ұядағы жұмыртқа қара теңбілді шұбар, жабық ұядағы жұмыртқа ақ түсті болады. Жылына бір рет ал кейде екі мәрте үштен жетіге дейін жұмыртқа салып балапан өрбітеді. Балапандары адамның шақалағы сияқты, қызылшақа болып туады. Үйіңізге ұя салған қарлығаш балапан шығарса, үйге бақ-береке келеді. Әдетте ұя бұзғанға жақсылық болмайтыны өз алдына, осынау жұдырықтай құстың ұясы күйресе, бір жазда «үйін» жаңадан қалап та балапан басып шығарып үлгермейді ғой.



Кей аңызға қарағанда адамдар үй салуды қарлығаштан үйреніпті. Осы күні сәулет өнері жетіліп, теңіз жағалауы мен жартастарға салынған үйлерді, ғимараттарды қарлығаштың ұясына ұқсатып қалайтын болған. Мәселен Қырымда «Қарлығаштың ұясы» деп аталатын үй де бар. Оны украин тілінде «Ластівчине гнізо», «Qarilgac uyvası», «Къарылгъач ювасы» деп атайды. Ай-Тодар кентінде Аврорино жартасының мүйісіне 40 метрлік биіктікке салынған Ялта қалалық кеңесінің ғимараты. Бұл ғимарат сәулет және тарихи ескерткіш ретінде бағалы. Өйткені бұл нысан орта ғасырдағы Белем мұнарасына ұқсатып салынған. Бір қарағанда Италиядағы Триеста қаласының маңындағы Мирамар вилласына да ұқсайды. «Qarilgac uyvası» Қырымның оңтүстік жағалауының абыройын асырған мақтанышы. Міне жаратылыстың бір кереметі – қарлығаштың адамға ықпал еткені.

•



3.Қарлығаш ұясының түрі

*Қарлығашым келдің бе,
қаршығадан саумысың?
Аман есен жеттің бе,
айыр құйрық нау-құсым?
Оралдың ба, сүйіктім,
екеуің де бармысың?*



Көктемде Оңтүстікке алғаш болып қарлығаш пен нәуірзек ұшып келе бастайды. Ерте көктемде нәуірзек пен қарлығаштың келгенін көріп, көңіліміз көтеріліп қалды. Нәуірзекті суретке түсіріп ала алмағанымызға өкініп едік, алайда кешкісін асханадан қарлығаштың ұшып жүргенін көріп, қатты қуандық. Егер қарлығаш көктемде үйге алғаш рет жаңбырлы күні кірсе, ол жылы жауын-шашын көп болып, егіннің бітік шығады. Қарлығаш торғай тұқымдас құс. Олар әнші торғайлар тобына жатады. Олар Арктика мен



Антарктидадан басқа аймақтардың бәрінде кездеседі. Жер бетінде қарлығаштардың 79 түрі тіршілік етеді. Біздің елімізде жар, құз, қос реңді, секпілтөс және кент қарлығашы деген 5 түрі кездеседі. Ауылдың әр жағындағы тіп-тік жарқабақты жағаларда шұрқ тесік індер қараяды. «Бұлар ненің іні болды екен, ә?» — деп ойлана қаласың. Бірақ көп кешікпей, ұшқыр да епті бір құстардың әлгі індерден ұшып шығып және қайтадан кіріп жатқанын көресің. Өзен жарқабағынан тұмсық және аяқтарымен терең ін қазып алғандар, міне, солар, сол үшін де оларды ін қарлығашы деп атайды..



Бұларға ұқсас құстарды қаладан да, ауыл-селодан да кездестіруге болады. Бірақ олардың ұялары басқаша, өздерінің желім сілекейлерімен жапсырған топырақ түйірлерінен жасалған. Міне, осы құстардың барлығы да қарлығаш аталады. Қарлығаштар әр түрлі жерлерде тіршілік етеді, олар бір-бірінен түр-түрпаты жағынан да, тіршілік ету қалпы жағынан да ерекшеленеді. Бірақ барлығының да қанаттары ұзын, жіңішке және ұш жағы сүйір болып келеді. **Қала қарлығашы** мен **ін қарлығашының** құйрығы соншалықты ойық емес, ал **қыстау қарлығашының** құйрығы екі айыр болады.

Қарлығаш жәндіктерді тек қана ұшып жүріп, әуеде аулайды, жерге тым сирек қонады. Себебі олар жақсы жүре алмайды және өздеріне жерден ұшып көтерілу де қиын. Тіпті суды да ұшып бара жатып тұмсығымен іліп ішеді.



4.Әлемді таң қалдырған “Қазақстан қарлығашы”

Ғалымдар құстарды ұстап зерттейтін торды «Аран тор» деп атайды. “Аран торға” кей күндері құс мүлде түспейді, кейде керісінше жүздеп, мыңдап ілігеді. 1974 жылғы 6 мамырда бір тәулікте 12 832 құс, 1977 жылғы 3 мамырда 14 428 құс сақиналанады. Торға түскен құстардың арасынан бір қарлығашты сақиналап, ұшырып жібереді. Сол қарлығашты төрт күннен соң ит арқасы қияндағы Хакасиядан ұстаған орыс орнитологтары кіп-кішкентай құстың тәулігіне 800 шақырымнан астам жылдамдықпен ұшқанын есептеп, таң қалыпты. Бұған дейін оған ешкім баса назар аудармай, “Зерттеліп біткен нысан” ретінде жүрдім-бардым, ат үсті қарайды екен. Сонда ол сағатына 30 шақырымдай жерді ұшып өткен болғаны. Елді елең еткізген “Қазақстан қарлығашы” туралы кезінде бүкіл әлем басылымдары жарыса жазған.



5.«Қанатты достардан» мен неге көз жазып қалдым?

Қарлығаш ерте көктемде туған өлкесіне келіп, үй бұғаттарына ұя салып, балапан басатын. Шіркіндердің тамылжыта сайрағанын айтсайшы! Нәп-нәзік көмейден төгілген әсем әуезді тыңдаудан жалықпайсын-ау, жалықпайсын. Оның жемтігін ұшып жүріп қағып әкететін ұшқырлығына таңдана қарайтынмын, бақшаларды құрт-құмырсқадан арылтатын қасиетін айтсаңшы!

Бүгінде адамға үнемі жақын жүретін сол қарлығаш ауылға мүлдем жоламай кетті. Бауыр басқан, туып-өскен жерінен неге безінді екен, ол шіркіндер! Оны елден айырған лашын құстың екпіні ме екен? Лашын болса да мейлі еді-ау. Ол да төре құстардың бірі ғой. Өкініштісі Қытайдан ба, әлде Ауғаннан ба ауып келген шаруаға зияны шаш етектен алақанат бажылдақ құстан озбырлық көргені болып тұр ғой.

Былыр, жоқ бұрынғы жылы болса керек біздің үйдің бұғатына қарлығаштар ұя салды. Бірнеше аптадан соң ұядан балапандардың әлсіз шиқылы естіле бастады. Ата-анасы тынбай құрт-құмырсқа тасуға кірісті.



Бір күні алақанаттардың бажылдаған, қарлығаштардың үрейлене шиқыдаған дыбыстарын есітіп, сыртқа атып шықтым. Алғашқыда еш нәрсеге түсінбей: «Неге бұлар осынша шулап кетті» деп зер сала қарасам, өз көзіме өзім сенбей сілейіп тұрып қалдым. Байқасам әлгі алақанаттар ұядағы сары ауыз шақалақ балапандарды шетінен бір-бірлеп тырбаңдата шиқылдатып алып кетіп жатыр екен. Кейбірі балапандарына арашаламақ болып зар илеген қарлығаштарды қақпайлап жолатар емес.

Мен ес жинап көмекке ұмтылғанымша ұяны тып-типыл етті. Балапандарынан айрылған қарлығаштар екі күндей сай-сүйегінді сырқыратар жоқтау зарын төкті де, үшінші күні ізім-қайым жоқ болды. Сол сол екен, қарлығаштар туған өлкесіне былтыр да, биыл да мүлдем жоламай кетті.

«Қанатты достардан» біз осылайша көз жазып қалдық.

Уақыт өткен сайын асылдарымыздан бірте-бірте көз жазып қалып жатырмыз. Таңданарлығы сол: біз оған өкінбейміз де, өйткені мұндайға етіміз үйренген.



6. Арқа жерінен қарлығаштар ауып кеткен.

Неге екенін қайдам, қарлығаш әйтеуір қазаққа жақын. Бейбіт құс қой, осы қарлығашты қазақтың бір нышанына, таңбасына айналдыру керек-ау деп ойладым», – деген сөздерді кездестірдім. Шынында да қарлығаш қазаққа жақын және қазақ та ерте заманнан осы бейбіт құсты қатты қадірлеп, жақсы көріп келген. Қазыбек бидің жоңғар шапқыншылығы кезінде жау жақындап қалғанда да үйін көшірмей, шаңырағына ұя салған қарлығаштың балапандарын ұшыруын күтіп отырғандығы осыны айғақтаса керек. Оның шет жағасын өзім де көріп өстім. Бала кезімізде әке-шешеміз «есікті жаппандар, қарлығаш кіре алмай қалады» деп отыратын. Шыбын-шіркей, маса кіріп жатса да қарлығаш үшін есігімізді түнде де ашып қоятынбыз. Қарлығаш ұшып келгенде балапандарының қуаныштан шаңқылдап шуылдағандарын естіп, құлағымызға сіңіріп өстік.

Міне, сол қарлығаш Арқа жерінен ауып, мүлдем жоғалып кетіпті. Неге кетті, неден жерінді, кім білсін? Есік-терезелерін қымтап, үйіне енгізбейтін адамдардан жерінді ме, әлде жыл санап бұзылып, ластанып бара жатқан табиғат жағдайы кінәлі ме бұған?!



Ал, енді қарлығаш безіп, жоғалып кеткен Арқа өңірінде соңғы жылдарда қазақ құзғын деп онша ұната қоймайтын кәдімгі қара қарға қаптады. Ауыл ақсақалдары: «Бұрын бала кезімізде ауылда дәл қазіргідей қарға оншалықты көп болмайтын. Үлкендер «қарғаны үй маңына жуытпандар, ол өлім, қан тілеп тұратын жаман құс» дейтін. Содан болар қарғаны көрсек қолымызға тас алып атқылайтынбыз».

Міне, сол қан тілейтін құс жаманы қара қарға бүгінде ауылды қойып, қаланың өзінде қаптап жүр. Өткен қыста ауа райы күрт суытып, 40 градустан асқан кездер болды. Аздап тұманданғандай көкбеттенген, үп еткен желі жоқ 40 градустық осы аязда қара қарғалардың далаға шықсаң аспанда қаптап қарқ-қарқ етіп ұшып жүргенін көресің. Жын ойнақ салған құзғындардың бұл әрекеті шынында да жамандық шақырғандай әсер ететін. Сол суықтарда үй-күйі жоқ, жертөлелерді паналаған БОМЖ атанған бейбақтардың біразы қатып қалды, көбісі аяқ-қолдарын үсітіп, ауруханаға түсті. ...Қарлығаш кетіп, қарға келді, ақбөкен кетіп, қасқыр келді. Бұның себебі неде?! Осының астарында табиғат ананың «ей, адамдар, табиғаттан аулақтамаңдар, оны сыйлап, құрметтендер, өйткені сендер де сол табиғаттың төл перзентісіңдер, мұны ұмытсаңдар табиғат ананың наласына, қарғысына қалып, қиындыққа ұшырайсыңдар» деген ой жатқан жоқ па екен?!

7.Қарлығаштар жылы жаққа ұшпай, балапан басып жатыр

Қостанай облысында әдеттегіден тыс жылы ауа райы салдарынан қарлығаштар екінші рет балапан басып шығарды. Бұл туралы «ИНТЕРФАКС-ҚАЗАҚСТАН» агенттігі хабарлады.

Агенттіктің мәліметінше, айрықша құбылысты облыстық аңшылар мен балықшылар қоғамының Әуликөл ауданына қарасты бөлімшесінің аға қорықшысы Анатолий Резниченко байқаған. Оның айтуынша, Қостанай облысында биыл қарлығаштар оңтүстікке ұшып кетпеген және екінші рет балапан басып шығарып жатыр. Әдетте бұл өлкеде қарлығаштар жылына бір рет – маусым айында балапан басатын да, тамызда жылы жаққа ұшып кететін. А.Резниченконың пайымдауынша, құстардың екінші рет балапан басып шығаруына жаздың ыстық, күздің жылы болуы себеп. Айта кетейік, биыл тамыз айында осы өңірде ерте көктемдегідей бәйшешектер пайда болып, шие ағашы гүлдеген еді.



8.Қарлығаштың ұясының емдік қасиеті

Қытайдың дәстүрлі ұлттық шипагерлігі былай деп қарайды: қарлығаш ұясы иммунитеттік иқуатты күшейтіп, адам денесінің қартаюын баяулатып, ұзақ өмір көруге пайда жеткізеді. Оның салауаттық және емдік өнімдері мынадай: ол адам денесінің кезектігін нәрлендіріп, өкпені жұмсартады, ыстықты асырып жібермейді; Өң кіргізіп сұлуландырады, теріні жұмсақ, серпінді және жылтыр күйге келтіреді; Қан айналымын жақсартады, асқазанның қорытуын, ішектің сіміруін күшейтеді. Өкпе кезектігінің әлсіздігін, жөтелді, ұры тер шығу, қан құсу сияқты науқас белгілерін емдейді; Ас қорыту қуатының әлсіздігі, ас қорыту кезектік қуатының әлсіздігінен болатын жүрек айну, лоқсуға ем болады; Қуатсыздық, тершендік, несеп көбею сияқты ауруларға ем болады.



Қарлығаш ұясының ерекше өнім беретін себебі мынау: қарлығаш ұясында биологиялық активтіктің басты құрамы – қарлығаш ұясы қышқылы қамтылады. Шетелдердің қазіргі медициналық зерттеулері қарлығаш ұясы қышқылының адам денесінде болуға тиісті ем-домдық элемент екенін байқап отыр.

Қарлығаш ұясы қышқылының ғылыми аты – нервтік аминокышқылы. Ол қарлығаш ұясындағы биологиялық активтікке ие басты құрам. Атап айтқанда, ол ананың уыз сүтінде болатын, нәрестенің алғашқы өсіп-жетілуіне қажетті маңызды құрамдардың бірі. Ол жасушаның бетінде көптүрлі физиологиялық иқуаттық жұмыстарға қатынасып, адам денесінде физиологиялық, биохимиялық иқуаттар жағынан төтенше маңызды рөльдер атқарады. Ғалымдардың жуық жылдардағы зерттеулері қарлығаш ұясы қышқылының ұзақ өмір көруге көмек көрсететін ғылыми қағидасын растап отыр. Мұнан тыс, қарлығаш ұясында белсенді ақуыздар мен коллаген ақуызы мол қамтылады, сондай-ақ, ол қыртыстық жасушалардың жетілуін және адам денесіне қажетті басқа да әртүрлі микроэлементтердің сіңірілуін жеделдетеді.





Қарлығаш ұясы дене қуаты әлсіз, азықтануы нашар, созылмалы сатқақ, созылмалы безгек ауруына душар болған, қақырығы түспей, көп жөтелетін, қарттардың созылмалы кеңірдекше қабынуы, кеңірдекшенің кеңеюі, өкпенің желді ісігі, өкпе туберкулезі, қан құсу, қан түкіру және асқазан ауруы сияқтылармен ауырғандардың тұтынуына лайық келеді.

Ал балалар, әлсіз, аурушаң, аурудан тұрған адамдар және жұмыс қарбаластығанан жүйкесі құрып жүргендер жөнінен айтқанда, қарлығаш ұясы әлдендіретін, ретке түсіретін таңдаулы да тамаша табиғи тағам саналады.



ҚАРЛЫҒАШ ҰЯСЫН ПІСРУ ӘДІСІ: алдымен, қарлығаш ұясын таза суға малшып, оны жұмсартып, бөрттіреді, судан алған соң тазартып жуып, сүзіп құрғатады, онан соң баяу отта бұқтырады. Ұяның түріне қарай малшу, бұқтыру уақыттары бірдей болмайды. Қызыл қаптал қарлығаш ұясы болса, 8-10 сағат шылап, 2-3 сағат баяу бұқтырады. Ақ қаптал қарлығаштың ұясы болса, 4 сағат шылап, бір сағат бықтырады.

Бықтырғанда абай болатын істер: Су мөлшері: қарлығаш ұясын шылап, бүйірлі ыдысқа салады, суды қарлығаш ұясы батқанша құяды. Температурасы: әуелі күшті отта қайнатады, онан соң отын басып бұқтырады. Қарлығаш ұясын шылаған суда кенеулік құрам болмайды, пайдалануға келмейді.

Ыдыстар: электр-магниттік меске немесе үйде тұтынатын газ плита (жоғары қысымды меске істетпеген жөн) қақпақты, таттанбайтын болат қазан, сүзгі, қасық, тостаған.

Жеу әдісі: қарлығаш ұясынан әр кісі әр ретте 3-5 г жесе ең лайық. Ал бала оның жартысын жесе болады. Аптасына 2-3 рет, 3 ай үзбей жесе өнімі болады. Өкпесі немесе көмекейі қалыпсыздар таңғы сағат 1-де немесе ұйқылы ояу отырып жесе өнімі айтарлықтай болады.



Қарлығаш ұясы мен күрең жиде тосабы


Қарлығаш ұясы (аталмыш қ.ұ. – теңіз жағалауындағы күз жартастарға ұя салатын алтын түкті қарлығаш – *Collocalia vestita*-ның ұясы, ол Қытай шипагерлігінің дәріханаларында сатылады-ред.) 25 г. лайықты мөлшерде қара шекер қажет. Қарлығаш ұясын таза суға бұқтырып, қыл-қыбырын шығарып тастап, онан соң күрең жидемен (сүйегі алынған) бірге қазанға салып, лайықты мөлшерде су құйып қайнатып, жиде езіліп піскеннен кейін қара шекерді дәмдендіргіш ретінде салу керек. Бұл рецепттің ажарландыру мен әжім кетіруге септігі тиеді, теріні жылтыратады әрі дымқылдайды

9.Құстарды қорғайтын дүниежүзілік ұйым

Әлемде құстарды қорғайтын дүниежүзілік ұйым жұмыс істейді. Осы ұйымның зерттеуіне құлақ салсақ, белгілі орнитолог Ги Мунфор өзінің «Сирек құстар» деп аталатын ғылыми сараптамасында 1965 жылға дейін жер бетінде жоғалып бара жатқан құстың түрі 290 еді, қазір 1029-ға жетті деп көзден жас емес, қан ағызатын мәліметті алдыға тартып отыр.

Американдық ғалымдарымыз Оңтүстік Америкада және Африкадағы тропикалық ормандарда ғана өмір сүретін американ тотысын алдағы он жылдықта мүлдем жоғалтып аларын айтып дабыл қағуда. Қайтсем байып кетем дейтін ашкөздікпен орман отаушылар осы бір құсты мүлдем баспанасыз қалдырып отырғанын назарға ілер емес.

Тропикалық орман құритын болса онсыз күні жоқ бейшара тоты да құрымақ.



Ал, 1980 жылғы санақта жер бетінде мұндай тотының небәрі елу жұбы ғана қалғаны анықталыпты... Ауылда тұратын немесе ауылына жиі баратын кісі аңғарып та жүрген шығар, осы күні қарлығаш екеш, қарлығаш та азайып кетті. Босағасына осы құс ұя салса қуанатын, тіпті ел көшкенде балапандары есейгенін күтіп жалғыз үй болып жапанда қала беретін қазақтың бұл құсқа жамандық жасамасы анық. Әйтсе де, экологиялық жағдайлар әсер етті ме... әйтеуір аз. Күндіз - түні бірі тыным таппайтын қарлығаш тәулігіне он алты сағат қимылдаса, сол уақытта балапанына 645 мәрте жем жеткізіп, бір күнде 6400 зиянкесті жойып отырады екен... Қарлығаш зиянды насекомдар мен олардың личинкаларын көптеп жойып, ауыл шаруашылығына елеулі пайда келтіреді. Бүгінде АҚШ-тың мұражайларында Доронд деп аталатын құс сақтаулы. Өзі бір-ақ дана. Жер бетінде қалған жалғыз данасы сол. Ендігі уақытта да оны ешкім көрмейді. Өйткені, оны адамдар жеп тауысқан.





Бүгінде тек музейде ғана... Құдай бетін аулақ салсын деп айтайық, күндердің күнінде бабасы құс салып, тазы жүгірткен қазақтың ұрпағы қыраны мен сұңқарына, адамның досы саналған қарлығаш тек музейден қарап мұңайып тұрмасына кім кепіл? Әлемде құстарды қорғайтын дүниежүзілік ұйым жұмыс істейді. Осы ұйымның зерттеуіне құлақ салсақ, Ги Мунфор¹ өзінің «Сирек құстар» деп аталатын ғылыми сараптамасында 1965 жылға дейін жер бетінде жоғалып бара жатқан құстың түрі 290 еді, қазір 1029-ға жетті деп көзден жас емес, қан ағызатын мәліметті алдыға тартып отыр.





Қорытынды


Бұлбұлдарға қамқорлықтың мәскеулік үлгісі

Электр бағаналарының желісінде қаз-қатар тізіліп қарлығаштар қонақтайды. Орын жетпей, бірін-бірі итеріп, шырылдап жатады. Еңбекшіл қарлығаштар таң атпай шықылықтап, масаханада ұйықтайтын біздерді шырт ұйқымыздан оятушы еді. Күні бойына шапқылап, ойын соңында жүрген бала атаулы ұйқымызды бөлген қарлығаштарға таңданамыз. Ал қазір сол қарлығаштарды іздейтін болдым. Бірді-екілі ұшып жүргенін көзім шалады. Баяғы тойға жиналғандай тізілген қарлығаштар тобы көрінбейді.

Жыл сайын көктемнің соңғы күндерінде Мәскеуде бұлбұлдар саны есепке алынады. Ғалымдар болжамынша, Мәскеуге бұлбұлдар 10 мамырда ұшып келеді екен. Мамырдың аяғынан маусымның ортасына дейін олар тамылжыған әуезді үнімен ән салуларын бастайды, себебі бұл кезде ұя салу, жұмыртқалау басталады. Олар ұяларын ағашы мол, суға жақын жерлерге салады. Маусым айының аяғында әндерін тоқтатып, қыркүйекте ұшып кетеді. 15 миллион тұрғыны бар Мәскеу бұл шараны он бірінші жыл қатарынан жүргізіп келеді. Есеп, негізінен, қала тұрғындарының көмегімен іске асырылады. Мәскеуліктер жұмыстарының көптігіне, уақыттарының аздығына қарамай, мұндай игілікті іске белсене қатысады. Бұлбұлдар санының көбеюін жылдағы есептің көрсеткіштері көрсетуде.







Әр аудан, аула тұрғындары әнші құстың қанша рет сайрағанын, уақытын, бұлбұл әнінің қаншаға созылғанын арнайы таспаға жазып, белгілі орталыққа өткізеді. Мамандар өз кезегінде бұл жазбаларды зерттеп, бұлбұлдар есебін (қай топ, қай түрге жататынын) қорытындылап шығарады. Саяжай мен бауларда мұндай зерттеулерді арнайы мамандардың өздері жүргізеді. Неше жылғы зерттеулер нәтижесі бұлбұлдар әнінің қала тұрғындарының көңіл күйіне, денсаулығына тиімді ықпалын анықтаған.

Сонымен қатар қала табиғаты тазалығының, көк желегінің аз-көптігінің қаншалықты дәрежеде екенін бұлбұлдар санының азайып-көбеюі көрсетеді дейді. Сол себепті бұлбұлдар жұмыртқалағанда, оларға ерекше қамқорлық көрсетіліп, балапандарын өсіруге жағдай жасалған.



Мәскеу қаласының экологиялық индикаторы – бұлбұлдар. Үлкен мегаполистің 15 миллион тұрғынының осынадай ізгі іске қол ұшын беріп, бәрімізге ортақ үй – табиғатқа деген қамқорлықтары әркімді де қуантары сөзсіз. Бұлбұлдар сияқты қарлығаштар да табиғаттың тазалық өлшемін анықтайтын құстардың бірі емес пе? Әжеміздің «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін жаттап өскен біздер қарлығаштың ұясын бұзбау, жұмыртқа басып жатқанында тынышын алмау керектігін өз атымыздай жатқа біліп өстік. Әуелі қарлығаш үй ішіне ұя салса, сол бөлмені босатып беріп, қала берді, терезе көздерін ашық қалдырып, мысығымызға дейін оған тимеуге тәрбиеленген.

Қарлығашқа ғана емес, қоршаған табиғатқа деген осындай қамқор қасиеттерді жанұя, мектеп, қоғам болып жас ұрпақ бойына сіңіре алдық па? Неліктен қала түгіл, ауылда қарлығаштар жоғалып, көкжелектер азайып барады? Жалпы, қазір біз адамзаттың досы саналатын құс атаулыға қамқорлық жасап жатырмыз ба? Мәскеуліктердің осындай игі шаралары бізге де үлгі болары сөзсіз. Жақсы істі үйренген ләзім.





biestki.com



blestki.com





Dietski.com























И сердца с улыбкой на устах ...

А.Н.В.









